

Қазақстан Республикасының теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 28 сәуірдегі № 157 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 6 маусымда № 17004 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 2 қыркүйектегі № 353 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 02.09.2021 № 353 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен. РҚАО-ның ескертуі!

Осы бұйрық 29.06.2018 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 17-бабының 29) тармақшасына және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі 156-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау қағидалары бекітілсін.

2. "Мұнайдың теңізде және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарында авариялық төгілуін жою әдістерін қолдану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 14 маусымдағы № 247 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13970 болып тіркелген, 2016 жылғы 9 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2018 жылғы 29 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

Қ. Бозымбаев

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

ойған

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

_____ Ө. Шөкеев

2018 жылғы 17 мамырдағы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

_____ Ж. Қасымбек

2018 жылғы 15 мамырдағы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2018 жылғы 4 мамырдағы

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2018 жылғы 28 сәуірдегі
№ 157 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 17-бабының 29) тармақшасына және "Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" 2017 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Кодексі (бұдан әрі - Жер қойнауы туралы кодекс) 156-бабының 5-тармақшасына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың авариялық төгілуін жоюдың оңтайлы әдістерін айқындау тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидалар мұнай төгілу қаупі бар объектілердің меншік иелеріне, теңізде мұнайдың төгілу қаупімен байланысты қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға, теңізде мұнайдың төгілуін жою жөніндегі мамандандырылған ұйымдарға, Қазақстан Республикасының теңізге, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың авариялық төгілуінің салдарын жоюға қатысатын уәкілетті органдарға және жергілікті атқарушы органдарға қолданылады.

3. Осы Қағидалар Жер қойнауы туралы кодекстің 277-бабының 3-тармағына сәйкес Жер қойнауы туралы кодекс қолданысқа енгізілгенге дейін жер қойнауын пайдалануға берілген және жасалған рұқсаттар, лицензиялар және келісімшарттарға да қатысты қолданылады.

4. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) мұнай дағын бақылап жағу – бұл жүзбелі мұнай дағын жағу үшін пайдаланылатын мұнайдың авариялық төгілуін жою (бұдан әрі - МАТЖ) әдістерінің бірі, оны механикалық құралдар мен химиялық жинауыштар көмегімен тоқтатуға болады;

2) объектілік жоспарлар – кемелерді қоспағанда, ұлттық және тиісті облыстардың аумақтық жоспарлары, сондай-ақ мұнайдың төгілу қаупін бағалау негізінде қоршаған ортаны қорғау және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органдардың тиісті аумақтық бөлімшелерімен келісетін, мұнайдың төгілу қаупі бар объектілердің меншік иелері әзірлеген теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың

төгілуін жою бойынша әзірлікті және іс-қимылдарды қамтамасыз ету жөніндегі жоспарлар;

3) сақтық аймағы - теңіздің жағалау сызығынан құрлыққа қарай бес километрге созылып жатқан, теңізге және ішкі су қоймалары мұнайдың төгілуі салдарынан ластануы немесе теңіздің ластану көзі болуы мүмкін құрлық аймағы;

4) мұнай төгілу қаупі бар объектілер – теңіз объектілері, теңіз порттары және кемелер;

5) теңіз нысандары – жасанды аралдар, бөгеттер, құрылыстар, қондырғылар, құбыржолдар және теңізде көмірсутектерді барлау және (немесе) өндіруді жүргізу кезінде пайдаланылатын өзге де объектілер;

6) экологиялық жиынтық пайданы талдау (бұдан әрі - ЭЖПТ) – МАТЖ ең оңтайлы әдістерін таңдау процесі, олардың қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына әсерін бағалау.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.

5. Қазақстан Республикасының теңізде, ішкі су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін мынадай әдістер қолданылады:

1) қадағалау және бағалау;

2) су бетінен мұнайды механикалық тежеу және жинау (сезімтал ресурстардан мұнай дағының ауытқуын қоса алғанда);

3) мұнай дағын бақылап жағу;

4) химиялық құралдарды қолдану;

5) сақтық аймағын қорғау және тазарту.

6. Жер қойнауы туралы кодекстің 156-бабының 5-тармағына сәйкес МАТЖ оңтайлы әдістерін қолдану ЭЖПТ негізінде анықталады және жүзеге асырылады.

7. ЭЖПТ әзірлеу және МАТЖ әдістерін қолдану кезінде Халықаралық теңіз ұжымы (ИМО), Мұнай-газ өнеркәсібі өкілдерінің экология және әлеуметтік мәселелер жөніндегі халықаралық қауымдастығы (ИПЕСА), Теңізде мұнайдың, химиялық өнімдердің және өзге де зиян заттардың төгілуін жою жөніндегі танкерлік флот иелерінің федерациясы (ITOPF), Материалдар және оларды сынау бойынша америкалық қоғам (ASTM), Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO) әзірлеген халықаралық тәжірибелер мен стандарттарды пайдалану ұсынылады.

2-тарау. Мұнайдың авариялық төгілуін жою оңтайлы әдістерін айқындау тәртібі 1-параграф. Экологиялық жиынтық пайданы талдау негізінде мұнайдың авариялық төгілуін жою әдістерін айқындау және таңдау тәртібі

8. ЭЖПТ негізінде МАТЖ әдістерін айқындау және таңдау кезінде адамның денсаулығы мен қоршаған ортаны барынша қорғауды бағдарлау қажет.

9. ЭЖПТ объектілік жоспарды (теңіздегі объектілер мен порттар үшін) әзірлеу кезінде және (немесе) мұнайдың авариялық төгілуі туындаған кезде және оны жою кезінде шұғыл түрде жүргізіледі.

10. ЭЖПТ өткізу мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) ақпаратты жинау және бағалау:

мұнайдың авариялық төгілуінің жағымсыз әсеріне шалдыққан табиғи орта, жануарлар мен өсімдіктер, төгілген мұнайдың физикалық және химиялық сипаттамалары, сақтық аймағындағы геоморфологиялық объектілер, ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың мемлекеттік кадастрына енгізілген сезімтал экожүйелеріне мұнайдың авариялық төгілуінің ықтимал әсері және аймақтың әлеуметтік-экономикалық объектілері туралы (балық шаруашылығы, рекреациялық аймақтар, су жинау ғимараттары және т.б.), оның ішінде, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне және олардың тіршілік ету ортасына келтірілетін ықтимал залал туралы;

табиғи ортаның салыстырмалы маңыздылығы және оның мұнай әсері тиюі мүмкін рұқсат етілген уақыт аралығы туралы;

эксперименттік деректер және орын алған мұнай төгілулері туралы, сондай-ақ қолданылған МАТЖ әдістері туралы;

салыстырмалы талдау жүргізу арқылы осы Қағидаларға қосымшада көрсетілген МАТЖ әдістерінің мүмкіндіктері мен шектеулері туралы;

2) мұнай дағының ауа райы және климат жағдайларына қарай таралуы мен қозғалысын математикалық және/немесе компьютерлік үлгілеу негізінде мұнай төгілуінің ықтимал сценарийлерін әзірлеу арқылы мұнай төгілуінің ықтимал әсерін болжау және оларды жою әдістерін анықтау.

Мұнайдың авариялық төгілуінің мына факторларға әсері:

күстар мен итбалықтар - мұнай дағының ауқымы мен тұрақтылығы;

балық шаруашылығы және теңіз флорасы мен фаунасы - мұнай концентрациясы және әсер ету ұзақтығы;

демалуға арналған жағажайлар, биологиялық өнімділік аймақтары, су жинау ғимараттары - төгілу ауқымы, сақтық аймағының түрі, мұнай үлдірінің қалыңдығы.

3) экологиялық және әлеуметтік салдарға байланысты МАТЖ әдістерінің мүмкіндіктері мен шектеулерін бағалау;

қоршаған ортаны қорғау және мұнай дағының жою басымдықтарын таңдау кезінде ымыралы шешімдер іздеу;

МАТЖ әдістерін таңдау кезінде ымыралы шешімдер іздеу;

4) мұнайдың авариялық төгілуінің сценарийіне қарай МАТЖ оңтайлы әдісін таңдау немесе оларды комбинациялау.

11. Объектілік жоспарды әзірлеу барысында ЭЖПТ негізіндегі МАЖТ оңтайлы әдістері қоршаған ортаны қорғау, жануарлар әлемін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы, су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне келісу үшін жолданады.

Келісілген ЭЖПТ негізіндегі МАЖТ оңтайлы әдістері объектілік жоспарға енгізіледі.

12. Мұнайдың шынайы авариялық төгілуі жағдайында объектілік жоспарға енгізілген ЭЖПТ негізіндегі МАЖТ оңтайлы әдістерінің тиімсіз және (немесе) пайдалануға келмейтін кездерде, МАЖТ оңтайлы әдістері осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес қайта қаралып, осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдарға ұсынылады.

Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген МАТЖ оңтайлы әдістерін таңдау мемлекеттік органдардың келісімін алғаннан сәттен бастап бір сағат ішінде жүзеге асырылады.

13. Кемелерден мұнайдың авариялық төгілуі, сондай-ақ жаратылысы белгісіз мұнайдың төгілуі жағдайында МАЖТ оңтайлы әдістері осы Қағидалардың 10-тармағына сәйкес анықталып, осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдарға келісу үшін жолданады:

шет мемлекеттердің туы астында жүзетін кемелерден мұнайдың төгілуі жағдайында, кеме иегерімен шақыртылған мұнай төгілуін жою жөніндегі арнайы ұйыммен;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы астында жүзетін кемелерден мұнайдың төгілуі болған жағдайда, жергілікті мемлекеттік органдар шақырған мұнайдың теңізде төгілуін жою жөніндегі арнайы ұйыммен;

жаратылысы белгісіз мұнайдың төгілуі жағдайында тиісті облыстың жергілікті атқарушы органы анықтайтын теңізде мұнай төгілуін жою жөніндегі арнайы ұйыммен.

Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген МАТЖ оңтайлы әдістерін таңдау мемлекеттік органдардың келісімін алғаннан сәттен бастап бір сағат ішінде жүзеге асырылады.

2-параграф. Қадағалау және бағалау

14. Қадағалау мен бақылау мынадай жағдайларда белгіленеді:

1) егер табиғи-климаттық жағдайлар МАТЖ басқа әдістерін қолдануға мүмкіндік бермесе;

2) егер МАТЖ басқа әдістері табиғи тазарту мен қалпына келтіруге қарағанда көбірек зиян тигізетін болса;

3) МАТЖ басқа әдістерін олардың тиімділігін бағалау және түзету мақсатында қолдану кезінде.

15. Қадағалау мен бағалауды:

1) жағалау белдемінен, су бетінен, әуеден көзбен шолып қадағалау;

2) телеметриялық аспаптармен, ғарыштық жерсеріктермен қашықтан қадағалау арқылы жүзеге асырылады.

16. Осы қадағалау мен бағалау аспаптық мониторингпен жүргізіледі.

17. Қадағалау мен бағалау нәтижелері, сондай-ақ аспаптық мониторинг барысында алынған деректер жазбаша, электрондық нұсқада, дыбыс және бейне материалдарымен немесе басқа да нысанда расталады.

3-параграф. Су бетінен мұнайды механикалық тежеу және жинау (сезімтал ресурстардан мұнай дағының ауытқуын қоса алғанда)

18. Механикалық тежеу және су бетінен мұнайды жинау теңізде, су айдындарында және сақтық аймағында мұнайдың төгілуін жою үшін қажетті ресурстарға қойылатын, Жер қойнауы туралы кодекстің 156-бабының 2-тармағына сәйкес көмірсутектер саласындағы уәкілетті орган белгілейтін ең төменгі нормативтер мен талаптарға сай жүзеге асырылады.

19. Мұнайдың авариялық төгілуін жоюда жиналған мұнайды сақтауға арналған неғұрлым барынша көп орын қамтамасыз етілуі қажет. Мұнайды механикалық жолмен жинау нәтижесінде пайда болған, кемелерден жиналған суды ағызу МАРПОЛ 73/78 1-қосымшасының 4-қағидасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органының аймақтық бөлімшесімен келісіледі.

4-параграф. Мұнай дағын бақылап өртеу

20. Мұнай дағын бақылап өртеу:

1) суда, қамыс аймағын қоспағанда;

2) қарда немесе мұз жағдайында жүзеге асырылады.

21. Мұнай дағын бақылап өртеу мұнай дағының қалыңдығы 3 миллиметрден кем емес және елді мекеннен 5 километрден алшақта, қамыс аймағанда 2 километрден кем емес болған жағдайда жүзеге асырылады.

22. Түтіннің сүйреткісі пайда болуынан мұнай дағын бақылап жағу жұмыстарын жүргізгенде тұрғындардың қауіпсіздігін, денсаулығын және қорғауды қамтамасыз ету мақсатында қауіпсіз арақашықтық белгіленеді.

23. Мұнай дағын бақылап жағуды өткізу алдында мұнай дағын бақылап жағуды іс жүзінде өткізу шаралары, жиналады және әзірленеді. Шараларға мыналар кіреді:

1) мұнай дағын бақылап жағу процесі бақылауға көнбейтіндей сәл де болса қауіп төндірсе, жеке қорғаныс құралдары мен қорларды пайдаланып, жануды дереу тоқтатуды қоса алғандағы, мұнай дағын бақылап жағуды өткізетін жерде әрекет етуші персоналды тәуекелмен басқару және бағалау шаралары толық сипатталған қауіпсіздікті қамтамасыз ету жоспары;

2) тұрғындардың қауіпсіздігін және денсаулығын қорғауды қамтамасыз ету мақсатында мұнай дағын бақылап жағу жұмыстарын қауіпсіз арақашықтықта жүргізу туралы ұсыныс;

3) мұнай төгілімі, соның ішінде жоспарланған мұнай дағын бақылап өртеу орны, мұнай түрі туралы толық ақпарат (соның ішінде майғындалудың болжамды дәрежесі көрсетіледі) және мұнай көлемдері бойынша бағалау деректері: төгілген мұнайдың мұнай дағын бақылап өртеу көмегімен жойылған мөлшері;

4) жоспарланған мұнай дағын бақылап өртеу кезіндегі ауа райы жағдайларының, соның ішінде жауын-шашын, жел жылдамдығы, ауа температурасы мен теңіз және ішкі сулар жағдайы болжамы;

5) мұз жамылғысының пайыздық көрсеткіші және теңіз бен ішкі сулар жағдайы;

6) ұсынылып отырған өртеу жүйесі;

7) пайдалануға ұсынылып отырған мамандандырылған жабдықтар;

8) мұнай дағын бақылап өртеуді қамтамасыз ету үшін ұсынылып отырған қосымша материалдар мен құралдар, соның ішінде кемелер мен көлік құралдары;

9) 16 километр қашықтықта елді мекендердің немесе 32 километр қашықтықта әуежайлардың бар-жоғы туралы ақпарат;

10) өртенбеген қалдықтарды жинаудың, сақтаудың және кәдеге жаратудың ұсынылып отырған тәсілі;

11) 5 километр радиуста сирек кездесетін және жойылу қаупінде тұрған жануарлардың тіршілік ортасының болуы туралы ақпарат;

12) егер байқап өртеп қарау мүмкін болса, мұнай дағын бақылап өртеу жұмысын жүргізу алдында ауадағы түтін шлейфінің қозғалу бағытын және оның сейілуін тексеру және растау үшін байқау мақсатында өртеу жұмысын жүргізу нұсқалары.

24. Мұнай дағын жою және өртеу тәсіліне қарай тиісті жабдықтар іріктеледі.

5-параграф. Химиялық құралдарды қолдану

25. Осы Қағидаларда химиялық құралдар – диспергенттер, сорбенттер қарастырылады.

26. Диспергенттерді мұнайдың су қабатындағы табиғи биодеградация үдерістерін жеделдету және төгілу ауданындағы мұнай өнімдерінің шоғырлануын азайту, теңіз ортасының атмосферамен массалық- және энергоалмасуын қалпына келтіру, төгілімнің өртену қаупін төмендету, жағалық сызықтың, теңіз құстарының мамықтары мен аңдардың терілерінің төгілген мазуттан ластану мүмкіндігінің алдын алу мақсатында қолданады.

27. ЭЖПТ жүргізу кезінде су қабатында ұсақталған мұнай деңгейінің табиғи ұсақталу кезінде пайда болатын деңгеймен салыстырғанда токсикологиялық әсерінің жоғары болуына байланысты болатын диспергенттерді қолданудың әлеуетті тәуекелі ескеріледі. Ұсақталған мұнайдың теңіз ағзаларына зиянды әсер ету дәрежесі ЭЖПТ кезінде ескерілетін әсер ету жағдайларына (су тереңдігіне, ұсақталған мұнайдың шоғырлануына, әсер ету ұзақтығына, ұсақталу және еру пайызына), сонымен қатар ұсақталған мұнайға қатысты кейбір ағзалардың өздеріне тән сезімталдығына байланысты болады.

28. Кодекстің 17-бабының 24-2) тармақшасына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган бекітетін мұнайдың теңізге және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарына авариялық төгілуін жоюға арналған диспергенттердің тізбесінде қарастырылған диспергенттерді қолдануға рұқсат беріледі.

29. Диспергенттерді қолданғанда "Химиялық өнімдердің қауіпсіздігі туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 15-бабының 2-тармағына сәйкес химиялық өнімдердің қауіпсіздік паспортын басшылыққа алу қажет.

30. Диспергенттерді қолданғанда ашық отты пайдалануға тыйым салынады.

31. Төгілген мұнайдың жұқа қабыршағын (0,01-0,001) өңдегенде өртке қауіпсіз диспергенттердің судағы ерітіндісін пайдалануға болады.

32. Диспергенттерді пайдалану суда және су астында жүзеге асырылады.

33. Диспергенттерді мына жағдайларда қолдануға жол беріледі:

1) судың тереңдігі 10 метрден астам болғанда;

2) жағаға дейінгі арақашықтық 1 километрден астам болғанда;

3) 1 километр арақашықтықта ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрына енгізілген сезімтал экожүйе учаскелері және әлеуметтік-экономикалық объектілер болмағанда.

34. Су үстінде мұнайдың қара қабыршақтары жойылғанда және/немесе аспаптық мониторинг өңдеу судағы мұнай шоғырлануына әсерін тигізбейтіндігін көрсетсе, диспергенттермен өңдеу тоқтатылады.

35. Диспергенттерді бүркіп шашу тәсіліне қарай тиісті жабдықтар қолданылады.

36. Сорбенттер (үгінділер, торф, цеолит және табиғи түрдегі басқа да заттар) 10 метрден кем емес тереңдікте және ерекше қорғалатын табиғат аумақтарының мемлекеттік кадастрына енгізілген сезімтал экожүйе учаскелерінде қолданылады, мұнайды сіңіру, байланыстыру және аккумуляциялау мақсатында қолданылады.

37. Сорбенттер қолданғаннан кейін механикалық құралдармен олардың кейінгі жинақталуы және жағалауда бір тәулік ішінде жоюлуы жүзеге асырылады.

6-параграф. Сақтық аймағын қорғау және тазарту

38. Сақтық аймағын қорғау және тазарту тәсілдері сақтық аймағының мұнаймен ластануын бағалау негізінде анықталады.

39. Сақтық аймағын қорғау және тазарту тәсілдеріне мыналар жатады: қоқыс жинау, сорбенттер, бондық қоршаулармен оқшаулау және жинау, траншеялар қазу, шөккен мұнайды қол құралдарымен жинау, жуу, шаю, химиялық тазарту құралдарын қолдану, елеу, тырмалау, жырту және т.б.

40. Мұнай жағалық сызықта шөккен кезде мұнай мен жағалық сызықтың өзара әрекеттесуі мұнайдың сипаттамалары мен жағалық сызықтың түріне – малтатасты, тастақ, құм жағажай, қамысты, батпақты болуына байланысты.

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының
теңізде, ішкі су айдындарында
және сақтық аймағында
мұнайдың авариялық төгілуін
жоюдың оңтайлы әдістерін
айқындау қағидаларына
қосымша

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Мұнайдың авариялық төгілуін жою әдістерінің мүмкіндіктері мен шектеулері

№	Әдіс	Мүмкіндіктер	Шектеулер
1	Қадағалау және бағалау	қоршаған ортаға қосымша зиян келтіруі мүмкін интрузиялық жою немесе тазарту әдістері қолданылмайды; төгілімді жоюдың басқа әдістерін толықтырады; қадағалау және мониторинг жүргізу барысында алынған деректер; ден қою және құралдарды таңдау жөніндегі шешімдерді қабылдауға ықпал етеді; белгілі бір аудандар мен жағдайларда пайдаланған кезде қоршаған орта мұнай төгілуінің зардаптарына шалдыққаннан кейін мұнай төгілімдерін жоюдың басқа әдістерін пайдаланғандағыдан гөрі әлдеқайда тиімді қалпына келуге қабілетті.	кейде мұнайды жою мүмкін емес болады; төгілген мұнай жел мен ағыстардың ықпалымен сезімтал аудандарға қарай жылжуы мүмкін; мұнай қалдықтары жағалық сызықтың экологиясына, жабайы табиғатқа және экономикалық жағынан маңызды ресурстарға әсер етуі мүмкін; адамдар бұны әрекетсіздік деп қабылдайды.
2	Су бетінен мұнайды механикалық тежеу және жинау (сезімтал ресурстардан мұнай дағының ауытқуын қоса алғанда)	бұл әдіс ұнамды әдіс болып табылады; қоршаған ортаға мейлінше аз әсер ете отырып мұнайдан тазарту; уәкілетті органмен келісуді қажет етпейді; мұнай өнімдерінің көптеген түрлеріне қатысты қолдануға келеді; қолдану уақыты шектелмеген; жанама әсері аз; түрлі жабдықтар мен тәжірибелер бар; екіншілік ластану болмайды; жиналған мұнайды өңдеу үшін пайдалануға мүмкіндік береді.	бұл процесс өте баяу және өнімді емес; жағалық сызықтың ластануына жол бермеу үшін мұнайдың жеткілікті дәрежеде тез жиналуын қамтамасыз ете алмайды; мұнайдың жұқа үлдірлері үшін өнімді емес; ауқымды төгілімдер үшін мұнай жинаудың пайыздық үлесі шектеулі; жел, толқындар және ағыстар су бетінен мұнай жинауға және тазартуға кедергі болуы мүмкін; тұтқыр мұнай мен қоқыстың болуы жинауды қиындатады; жиналған мұнайды сақтау және кәдеге жарату үшін жағдайлардың болуын қажет етеді; әдетте төгілген мұнайдың кемінде 10-20% жинайды; көптеген жабдықтар мен еңбек күшін қажет етеді.
3	Мұнай дағын бақылап өртеу	жиналған мұнайды сақтау және кәдеге жарату жұмысын ұйымдастырудың қажеті жоқ; мұнайдың жағаға жайылуын болдырмайды немесе азайта алады; жануарлар дүниесі мен өсімдіктер дүниесін мұнаймен ластануын болдырмайды немесе азайтады; су бетінен жиналған мұнайды тез жояды; тиімділігі жоғары (98-99%);	қара түтін пайда болады; қолдану уақыты шектеулі; жел қаққан мұнайды тұтату қиын; жел, толқындар және ағыстар мұнай дағын тұтатуды қиындатады; мұнай дағын тұтату үшін оның қалыңдығы 3 мм кем емес болуы міндетті; мұнайдың ауыр түрі болғанда және жел қаққан мұнай болғанда тиімділік азаяды;

		аз жабдықтар мен адам ресурстарын қажет етеді; мұнайдың көптеген түрлеріне қолдануға келеді; қоршаған ортаға тигізетін зияны аз; су бетінде мұнайдың булануын азайтады.	жану процесі персоналдың қауіпсіздігіне қатер төндіруі ықтимал; өртеуден кейін қалдық қалуы мүмкін, оны су бетінен жинап алу керек; ауа сапасының оқшау өзгеруі.
4.1.	Химиялық құралдарды қолдану диспергенттер	басқа МАТЖ әдістерімен салыстырғанда аз персонал мен жабдықтарды қажет етеді; түрлі ауа райы жағдайларында қолдануға келеді; мұнайдың табиғи биодеградациясына ықпал етеді; мұнайдың жағалық сызыққа қарай жылжуының алдын алып, экологиялық және әлеуметтік-экономикалық объектілерге төнетін қауіп-қатерді азайтады; төгілген орынға жақын жерде буланудан болуы ықтимал зиянды азайтады; мұнай сақтауға қолайлы жағдайлардың болуын қажет етпейді.	тұтқырлығы жоғары мұнайға қатысты тиімсіз болуы мүмкін; қолдану мүмкіндігі мұнайдың желмен қағылуына байланысты уақытпен шектелген; 10 м кем тереңдікте қолдануға шектеу қойылады; тікелей жинамайды, мұнай қайта бөлініп, су қабатында ыдырайды; ұсақталған мұнай теңіз ортасына жоғары әлеуетті уланғыштық әсері; теңіздің биологиялық ресурстарына анағұрлым көп залал келтіру.
4.2.	Химиялық құралдарды қолдану сорбенттер	өндірістік процестердің жанама қалдықтары ретінде табиғатта көптеп кездеседі немесе кеңінен қол жетімді; қоршаған ортаға мейлінше аз әсер ете отырып мұнайдан тазарту; қолдану уақыты шектелмеген; мұнай өнімдерінің көптеген түрлеріне қатысты қолдануға келеді.	бұл процесс өте баяу және өнімді емес; жағалық сызықтың ластануына жол бермеу үшін мұнайдың жеткілікті дәрежеде тез жиналуын қамтамасыз ете алмайды; жиналған сорбенттерді сақтау және жою үшін жағдайлардың болуын қажет етеді; ауқымды төгілімдер болғанда тиімді емес; уақытында жиналмаса түбінде тұнып қалады; мұнайдың жайылуын болдырмау үшін қосымша механикалық құралдар талап етіледі; көптеген жабдықтар мен еңбек күшін қажет етеді.
5	Сақтық аймағын қорғау және тазарту	мұнайды жояды; мұнайдың одан әрі таралу қатерін азайтады; жағалық сызықта мекендейтін жануарларға қайта әсер етуді азайтады; мұнай төгілімінің қайта өрістеуіне жол бермейді; жеміргіш емес әдістер жаға құрылымы мен жағалау	қоршаған ортаға қосымша зардап тиюі мүмкін: жоюдың жеміргіш тәсілдері (мысалы, құмды жою және одан тазарту) жағада және жағалық сызықта мекендейтін организмдерге әсер етуі мүмкін; қалдықтарды сақтауға және кәдеге жаратуға қатысты талаптар қойылады; әдетте, төгілген мұнайдың кемінде 10–20% жойылады;

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

		организмдеріне әсерді барынша азайта алады; айрықша немесе сезімтал аудандарда жағалаудың қоршаған ортасын мұқият тазарту кезінде тиімді.	еңбекті көп қажет ететін әдіс; ауыр жабдықтарды қолдану және қарқынды антропогенді әсер қоршаған ортаға қосымша залал келтіруі мүмкін; мұнай жағаға әсер еткеннен кейін жойылады; жағалық сызықта ден қою елеулі ресурстар мен логистикалық қолдау көрсетуді қажет етуі мүмкін.
--	--	---	---

ойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

Күшін жойған

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК